

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 наурыздағы N 342 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 9 қараша N 1689. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 8 шілдедегі N 668 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" 1995 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Уақытша тауарлар әкелуге (әкетуге) кеден режимін қолданудың, кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 наурыздағы N 342 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 13, 100-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

Кеден бажы мен салығын төлеуден босатылған уақытша әкелінетін (әкетілетін) тауарлар мен көлік құралдарының тізбесіндегі:

1-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Акцизделуге жататындарды қоспағанда, мемлекеттік сыртқы заемдар қаражатынан қаржыландырылатын және Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына енгізілген инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде пайдаланылатын көлік құралдары.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші абзацында көзделген айырықшалықтар мемлекеттік сыртқы заемдар қаражатынан қаржыландырылатын және Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына енгізілген инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде пайдаланылатын кәсіби жабдыққа қолданылмайды."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*